

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ МЕКТЕП

Қарабаева З.М.¹

¹тарих ғылымдарының кандидаты

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Қазақстан тарихы және

дүниетанымдық пәндер кафедрасының доценті,

Алматы, Қазақстан,

Karabaeva_Zarixan@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халық ағарту ісінің дамуы, қиын кезеңінде ашылған жоғарғы оқу орындары оның ішінде Алматы шет тілдер институтының тарихы баяндалған.

Мақалада соғыс жылдарында Алматы облысындағы мектептер мен ЖОО-ның жағдайы қиын болғандығы сипатталған. Ол ғимараттардың жетіспеуінен болды, себебі оқу ғимараттарының бір бөлігі ауруханалар мен қорғаныс мекемелеріне берілді. Осының салдарынан мектептер мен ЖОО 2-3 ауысыммен оқуға мәжбүр болды. Бұл оқушылар мен студенттердің санының күрт азаюына әкелді. Нәтижесінде көптеген училищелер мен институттардың жабылды.

Тірек сөздер: патриоттық идея, білім беру, ғылыми кеңес, кешкі мектептер, майдан, халықаралық ынтымақтастық 75 жылдық.

Ұлы Отан соғысы аяқталғалы 75 жылдан астам уақыт өтті. Ұлы Жеңіс халқымыздың жүрегінде тарихы мен тағылымы мол оқиғалардың бірі болып табылады. Соғыстың ауыр зардабы еліміздегі халық ағарту ісіне, кеңес мектебінің өміріне әсер етпей қойған жоқ. Соғыстың қиын жағдайына қарамастан халық ағарту саласында жұмысы бір сәт тоқтаған жоқ. 1941-1945 жылдары білім берудің мазмұнын жетілдіруге, патриоттық, еңбек және интернационалдық тәрбиеге ерекше мән берілді. Соғысқа жақын жерлердегі балалар тылға көшірілді. Қазақстанның барлық облыстарында да жаңадан балалар үйлері ашылды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның балалар үйлерінде 46 мың бала тәрбиеленді Біздің Отанымыздың басына түскен ауыр сын сағаттарында Қазақстанда 149 майдан шебінен келген балалар мекемелері мен оқу орындарын орналастырды, оларды қамқорлыққа бөледі.

Бұл жылдары мыңдаған бала еңбекшілер семьяларына тәрбиеленуге берілді. Мектепте мұғалімдердің және оқу құралдарының жетімсіздігіне қарамастан, соғыс жылдарында балаларды жаппай оқуға тарту жұмыстары тоқтатылған жоқ, жеке пәндерді оқытуда балаларды патриоттық идеяда тәрбиелеу мәселесіне көп көңіл бөлінді, жастарға ауыл шаруашылығына араласуға қажетті агротехникалық білімдер берілді, халық арасында жалпы Отан қорғау және саяси көпшілік жұмыстарын жүргізуге араласу, оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекке қатыстыру мәселелеріне жете көңіл бөлінді.

1944-1945 оқу жылынан бастап оқушылар мектепке жеті жастан алына бастады. Мектепті тастап, еңбекке араласқан жастар үшін 1943 жылдан бастап кешкі мектептер ашылды. Ұлы Отан соғысы жылдарында мектеп өміріне аздаған өзгерістер енгізілді. Бастауыш кластарда тарих, география, жаратылыс пәндері жеке оқытылмай, оқу сабағына қосылды. [1].

Кеңес мектебін одан әрі жетілдіру және дамыту мақсатында педагогика, психология және жекеленген пәндерді оқыту әдістемесі саласында ғылыми-зерттеу жұмысына басшылық және реттеп отыру үшін 1943 жылдың қазан айында үкіметтің қаулысымен Москвада РСФСР педагогика ғылымдарының академиясы құрылды, Педагогика ғылымдарының академиясы педагогика ғылымының маман қызметкерлерін біріктіреді

Ұлы Отан соғысы біздің құрылысымыздың мызғымас беріктігімен халықтар достығына сын болуымен қатар, кеңес мектебіне де сын болды. Бұл сыннан мүдірмей өтті. Соғыстың алғашқы күндерінде Қазақстанның көптеген оқытушылары мен студенттері де майданға аттанды. Отан қорғаушылар қатарына Қазақ мемлекеттік университетінің 287, Орал педагогикалық институтының 150, Қарағанды мұғалімдер институтының 127 студенті қосылды. Барлығы 1300-ден астам студент республиканың басты университет орталығы - Алматы қаласының жоғары оқу орындарынан шақырылды [2].

Соғыс басталған кезде республикада 12 жоғарғы оқу орыны, 11 ғылыми-зерттеу және жобалық технологиялық ұйымдар, 2 жобалау институты, 2 ауылшаруашылық тәжірбилік станция, 6 зауытқа қарасты ғылыми-зерттеу және конструкторлық бөлімшелері, Алматы қаласындағы ботаникалық бақ пен зоологиялық парк жұмыс жасады. [3].

Алматы қаласындағы ЖОО мен техникумдардың студенттері қорғаныс мекемелерінің тапсырысы бойынша қару-жарақтардың бөлшектері мен саймандарын жасауға құлшына атсалысса, кейбір кездері қару-жарақты құрастыру немесе жұмыс барысында пайда болған техникалық және технологиялық есептерді шешуге қатысты.

Соғыс жылдарында Алматы облысындағы мектептер мен ЖОО-ның жағдайы қиын болды. Ол ғимараттардың жетіспеуінен болды, себебі оқу ғимараттарының бір бөлігі ауруханалар мен қорғаныс мекемелеріне берілді. Осының салдарынан мектептер мен ЖОО 2-3 ауысыммен оқуға мәжбүр болды. Бұл оқушылар мен студенттердің санының күрт азаюына әкелді. Нәтижесінде көптеген училищелер мен институттардың жабылды. Соғыс жылдары педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі өткір байқалды, соғысқа жарамды мұғалімдердің басым бөлігі майданға аттанды. Дегенмен, осындай қиын жағдайға қарамастан мектеп коллективтері балаларға білім беру үшін барлық күш жігерін жұмысады. Әсіресе жетім, соғыс мүгедектері мен майдангерлердің балаларына ерекше көңіл бөлінді.

Білім беру барысында жалпы білім беруге арналған пәндерге, атап айтсақ орыс тілі, математика, тарих пәндеріне, білімнің сапасына ерекше көңіл

бөлінді. Жеті жылдық мектептерде бастауыш сыныптарға емтихан енгізілсе, орта мектептерде кәмелеттік аттестат енгізілді.

1943 жылдан бастап білім беру базасын күшейтуге талпыныстар жасала бастады. Кешкі мектептердің саны артты, бұрынғы мектеп ғимараттарын қайтаруға әрекеттер жасала бастады. Қазақ оқушылардың мектепте, техникумда және ЖОО оқуға төлейтін ақысы алынып тасталды. Соғыстың алғашқы жылдары елде 20 ЖОО, 110 орта оқу орындары болды. Аталмыш оқу орындары соғыс жылдары кадрларды даярлау ісін тоқтатпады. Оларға қоса туысқан республикалардан 13 ғылыми мекеме, 19 театр, 20 ЖОО мен 16 техникум эвакуацияланды. Олардың ішінде Мәскеу авиациялық институты, Ленинград дабыл беру және байланыс электротехникалық институты, Қырым медициналық институты, Украина мемлекеттік университеті болды. Соғыс жылдары аталған ЖОО-ын 900-ден аса мамандар бітіріп шықты [4]. Осының барлығы Қазақстанда ғылымның белсенді дамуына әсерін тигізді. Аса қиын жағдайларға қарамастан 1941 жылы Алматыда шетел тілдері институты, 1943 жылы Шымкент құрылыс материалдары технологиялық институты, 1944 жылы Алматы қыздар педагогикалық институты, Қазақ физкультура институты ашылды. Онда студенттер саны 1941 ж. 10,4 мыңнан 1945 ж. 15 мыңға дейін өсті. Соғыс жылдарында техникалық мектептер мен арнайы оқу орындарының саны 92-ге дейін азайғанына қарамастан, студенттердің саны соғысқа дейінгі деңгейде қалды (30 мың) [4]. Ал өзіміз еңбек жасап жүрген университетіміздің тарихына ерекше тоқталып өткім келеді. Қазіргі Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университетінің негізі, ірге тасы – Қазақ Мемлекеттік педагогикалық шет тілдер институты КСРО Халықтық комиссарлар кеңесінің 1940 жылдың 16 қыркүйегіндегі №1696 қаулысымен құрылды. КСРО Халықтық комиссарлар кеңесі орта мектептер мен ЖОО-да шет тілдерін оқытуды жақсарту мақсатында одақтас республикаларға шет тілдерін (неміс, ағылшын, француз) оқытуды үшінші сыныптан бастауды және аптасына шет тілін оқуға екі сағат уақыт бөлуді тапсырды, нәтижесінде оқу оқу жоспары бойынша шет тілін оқуға бөлінетін сағаттар саны үшінші сыныптарды 26 сағатқа, ал төртінші сыныптарда 28 сағатқа дейін өсті.

Мектептер мен ЖОО-ын шет тілдері мұғалімдерімен қамтамасыз ету үшін КСРО ХКК қарасты Жоғарғы мектеп істері бойынша комитетке және одақтас республикалардың халықтық комиссарлар кеңестеріне әр республикада қосымша 1-2 педагогикалық және мұғалімдердің институтын ашып, оларға студенттер қабылдаудың жоспарын бекіту тапсырылды. Одақтас Үкіметтік Қаулысына сәйкес Қазақстанда бір мұғалімдердің шет тілдері университетін ашу көзделді. 1940 жылы жаңа ашылып жақан педагогикалық және шет тілдері университеттері үшін орта мектеп типінде он екі ғимарат салу жоспарланды. Осы ғимараттардың бірі Алматы қаласында (Төле би мен Наурызбай батыр көшелерінің қиылысында) салына бастады.

Партияның қалалық комитеті және қалалық жұмысшы депутаттар кеңесінің орындаушы комитеті шұғыл түрде институттың оқу корпусын салу

мәселесін, атап айтсақ құрылыс жұмыстарының кестесін, жұмысшы күшіне, материал мен транспортқа деген қажеттіліктерді қарастырды. Олар ҚазКСР халықтық комиссарлар кеңестеріне қарасты Экономикалық кеңеске материалдар бөлу мен құрылыста жүрген бес көлікке шина және жанармай бөлу туралы ұсыныс жіберді. Құрылысты бақылау Сталин аудандық партиясының хатшысына жүктелді.

1941-1942 оқу жылының басында оқу ғимаратының екі секциясы дайын болды. Бұл өз кезегінде екі ауысымда сабақ жүргізуге және 40 студентті жатаханаға орналастыруға мүмкіндік берді. Аудиториялар мен жатаханаларға қажетті жабдықтар дайын болды. Оқуға қажетті кітаптар мен әдебиеттер сатып алынды. Ұстаздар грамматикалық және сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған мәтіндерді даярлаумен айналысты.

Жаңа корпусы игеру барысында туындаған әскери жағдай жоспарды түбегейлі өзгертті. Үкімет институттың оқу корпусын НКВД Жоғарғы мектебіне беруге шешім шығарды. Шетел тілдер институтына кітапхана техникумының ғимараты берілді.

Мұғалімдерді таңдау және алғашқы студенттерді қабылдауға дайындық жұмыстары 1941 жылдың жазында басталды. Оқуға түсушілерге арналған дайындық курстары құрылды. Алғашқы қабылданған студенттер саны 231 адам болды, оның ішінде: 113 адам – ағылшын тілі факультетіне, 97 адам – неміс тіліне, 21 адам – француз тіліне түсті. Оқуға түскендердің ішінен 94 адамның (40%) 9 сыныптық білімі болса, 47 адам (20%) техникум бітірген, 20% аса адам он сыныптық, қалғандарында жоғарғы және аяқталмаған жоғарғы білім болды. Бірінші жылы студенттерде 14 оқу тобы: 6-ағылшын, 6-неміс, 2-француз топтары болды. Сабақ кітапхана техникумында бір ауысыммен өтті.

Алғашқы түлектер ұлттық құрамына қарай төмендегідей сипатталды: 155-орыс, 11-украин, 9-неміс, 13-қазақ, 28-еврей, 4-белорус, 3-поляк, 3-татар.

Қиын материалдық-тұрмыстық және өндірістік жағдайларға қарамастан институт қызметін тоқтатпады. Институтта еңбекке қабілетті профессорлық-оқытушылық ұжым қалыптасты, ұжымда бір профессор, бірнеше доцент және 30 жуық оқытушылар жұмыс жасады.

1941 жылдың аяғында Қазақ мемлекеттік мұғалімдердің шет тілдері институтының бірінші жарғысы бекітілді. Институт ҚазКСР Халықтық комиссарлар кеңесі бекіткен жеке оқу-ғылыми мекеме болып табылады, институт Қазақ халықтық комиссарлар кеңесіне қарасты Жоғарғы мектеп басқармасына бағынды. Мамандықтар бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламалары, кафедраларды құру ҚазКСР ХКК қарасты Жоғарғы мектеп істері бойынша бүкілодақтық комитетпен бекітілді. ЖОО жою құқығына Одақтық Үкімет ие болды..

Жарғы бойына институттың құрылымы төмендегідей болды: ағылшын, француз, неміс тілдері факультеттері, кафедралар, оқу-көмекші бөлімшелер (кабинеттер мен кітапхана). Факультеттер кафедраларды біріктіретін және мамандарды даярлауды іске асыратын оқу-әкімшілік бірлік болып табылады. Факультеттерді ХКК тағайындайтын декандар басқарды.

Институт директорының басшылығымен Институт кеңесі (ғылыми кеңес) құрылды, кеңес құрамына директордың оқу және ғылыми істер бойынша орынбасары, директордың әкімшілік-шаруашылық бөлімі бойынша орынбасары, факультеттердің декандары, кафедра жетекшілері, аға оқытушылар, кітапхана меңгерушісі және партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері кірді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1993 жылдың 23 маусымында шет тілдер педагогикалық институтының АПИЯ атауын, Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университетіне өзгерту туралы қаулы қабылдады. **1998 жылы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті болып өзгерді. 2001 жылдан қазіргі атымен аталады.** Президент пен Үкімет институттың Ғылым кеңесінің институт атауын өзгертуге байланысты ұсыныстарын қолдай отырып, жаңа Университеттің басты мақсаттарын анықтап берді. Бұл – ғылыми-педагогикалық потенциалды тиімді пайдалану, олардың әлем тілдерінің кең спекторы бойынша мамандарды даярлау ісіне қосатын үлестерін арттыру болды Абылай хан атындағы ҚазХҚЖ ӘТУ, оның профессорық-оқытушылық құрамы, факультеттер, кафедралар, ғылыми-зерттеу институттары жемісті білім беру мен ХХІ ғасырдың талаптарына сай мамандарды даярлайды.

Қазақстан Республикасының егеменді және тәуелсіз жағдайында университет білім мен ғылымның әлемдік кеңістігінде өзінің орынын алу үшін түрлі қиындықтар мен дамуды бастан өткізуде. Біздің университет - тәуелсіз және демократиялық мемлекет – Қазақстан Республикасының перзенті.

Қазір 2020 жылдары Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық және әлем тілдері университетінде 17 тілден дәріс беріліп, құрамында түрлі мамандық иесін даярлайтын 6 факультет бар. Сондай-ақ лингвистикалық колледж, халықаралық туризм менеджментінің колледж-лицейі, білім беру орталықтары, мұғалімдер біліктілігін көтеру институты, төрт ғылыми-зерттеу орталығы және ғылыми-зерттеу институты, диссертациялық кеңестер, магистратура, аспирантура жұмыс істейді. Оқу процесіне және ғылыми-зерттеу жұмыстарына 40 кафедра ұжымы, 500-ден астам оқытушылар құрамы қатысады, оның ішінде ҚР Ұлттық ғылым академиясының 3 академигі, 48 ғылыми докторы, профессор, 200-ге жуық ғылыми кандидат бар. Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде 12 елшілікпен байланыс орнатылған шет елдердің 16 университетімен және білім беру орталықтарымен студенттер мен оқытушылар алмасып, жыл сайын тағылымдама өткізу ісі жолға қойылған. Университеттің алты мамандығы AQAS білім беру бағдарламалары Халықаралық Агенттігі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау жөніндегі халықаралық аккредитациясынан өтіп, халықаралық стандарттардың барлық талаптарына сәйкес білім беріп келеді. Жалпы, тарихы терең, тағылымы мол білім ордасының қол жеткізген табысы аз емес. Бүгінде мұнда 5500-ден астам студент 38 мамандық бойынша білім алып жатыр 14 халықаралық ұйымға мүше университетте «Кембридж сертификациялау» бағдарламасы іске

қосылған. Университет тұлғалары еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие. Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ өзінің 80 жылдық тарихында атқарған елеулі істері мен тындырған қыруар еңбегі өте зор ол еліміздің үкіметі мен Білім министрлігі тарапынан да, халықаралық ынтымақтастық тарапынан да, қоғамдық қауымдастық тарапынан да лайықты марапаттарды иеленіп келеді

ӘДЕБИЕТ

- 1 Великая Отечественная война 1941-1945: энциклопедия / Гл. ред. М. М. Козлов. - М.: Сов. энциклопедия, 1985. - 832 с.
- 2 Казахская ССР: краткая энциклопедия / Гл. ред. Р. Н. Нургалиев. - Алма-Ата: Гл. ред. Казахской советской энциклопедии, 1991.
- 3 Нурсултанова Л.Н. Казахстан в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.) – Алматы, 2019. - С.119.
- 4 Кенжебаев С.Ж., Иванова А.М., Козлов П.Г. Казахскому государственному университету международных отношений и мировых языков им Аблайхана 60 лет (1941-2001). - Алматы, 2001.- С.- 58
- 5 Baisultanova K.Sh. Digital education - as a new direction of training in international and regional relations // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Международные Отношения и Регионоведение». – 2019. - № 4. – С. 7-12.
- 6 Жумашев Р.М. Высшая школа Казахстана в период Великой Отечественной войны // Вестник КарГУ. - 2010. - № 2.
- 7 Касымова Н. Изменения в сфере образования Алматинской области в годы Великой Отечественной войны // Вестник КазНПУ . - 2016. - № 1.

REFERENCES

- 1 Velikaya Otechestvennaya voyna 1941-1945: entsiklopediya (The Great Patriotic War in 1941-1945: encyclopedia)Gl. red. M. M. Kozlov. - M.: Sov. entsiklopediya, 1985. - 832 p.
- 2 Kazakhskaya SSR: kratkaya entsiklopediya (Kazakh SSR: briefly encyclopedia) Gl. red. R. N. Nurgaliyev. - Alma-Ata: Gl. red. Kazakhskoy sovetskoy entsiklopedii, 1991.
- 3 Nursultanova L.N. Kazakhstan v gody Velikoy Otechestvennoy voyny (1941-1945 gg.) (Kazakhstan in Great Patriotic War (1941-1945y.) – Almaty, 2019. - p.119.
- 4 Kenzhebayev S.ZH., IvanovaA.M., Kozlov P.G. Kazakhskomu gosudarstvennomu, universitetmezhdunarodnykh otnosheniy i mirovykh yazykov im Ablaykhana 60 let (1941-2001). (60 year anniversary of Kazakh Ablai khan university of international relations and world languages). - Almaty, 2001.- p.- 58
- 5 Baisultanova K.Sh. Digital education - as a new direction of training in international and regional relations (Digital education - as a new direction of training in international and regional relations). Izvestiya KazUMOiMYa im. Ablai khana. Seriya «Mezhdunarodnyye Otnosheniya i Regionovedeniye». – 2019. - № 4. – p. 7-12.
- 6 Zhumashev R.M. Vysshaya shkola Kazakhstana v period Velikoy Otechestvennoy voyny (High school of Kazakhstan in period of Great Patriotic War). Vestnik KarGU. - 2010. - № 2.
- 7 Kasymova N. Izmeneniya v sfere obrazovaniya Almatinskoy oblasti v gody Velikoy Otechestvennoy voyny (Changing in sphere of education Almaty region in Great Patriotic War). Vestnik KazNPU . - 2016. - № 1.

ОБРАЗОВАНИЕ И ВЫСШАЯ ШКОЛА В КАЗАХСТАНЕ В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Карабаева З.М.¹

¹ кандидат исторических наук

кафедры Современной истории Казахстана и
мировоззренческих дисциплин КазУМОиМЯ имени Абылай-хана,
Алматы, Казахстан,
Karabaeva_Zapixan@mail.ru

Аннотация. В статье рассказывается о развитии народного образования в годы Великой Отечественной войны, об истории университетов, открытых в сложный период, в том числе Алматинского института иностранных языков.

В статье рассказывается о тяжелом положении школ и вузов Алматинской области в годы войны. Это было связано с нехваткой помещений, так как часть учебных корпусов передали больницам и оборонным объектам. В результате в школах и вузах приходилось учиться в 2-3 смены. Это привело к резкому снижению количества школьников и студентов. В результате были закрыты многие школы и институты

Ключевые слова. 75-годовщина, патриотические идеи, образование, ученый совет, вечерние школы, фронт, международное сотрудничество.

EDUCATION AND HIGH SCHOOL IN KAZAKHSTAN DURING THE GREAT PATRIOTIC WAR

Karabaeva Z.M.¹

¹candidate of historical sciences,

Department of Contemporary History of Kazakhstan and
worldview disciplines KazUMOiMYa named after Abylai Khan,

Almaty, Kazakhstan

Karabaeva_Zapixan@mail.ru

Abstract. The article describes the development of public education during the Great Patriotic War, the history of the universities opened during the difficult period, including the Almaty Institute of Foreign Languages.

The article describes the difficult situation of schools and universities in Almaty region during the war. This was due to a lack of facilities, as part of the educational buildings were transferred to hospitals and defense facilities. As a result, schools and universities had to study in 2-3 shifts. This has led to a sharp decline in the number of schoolchildren and students. As a result, many schools and institutes were closed.

Keywords. 75th anniversary, patriotic ideas, education, academic council, evening schools, front, international cooperation.

Статья поступило 23.09.2020